

3 Наурыз  
Сейсенбі,  
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynysy

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## ЖАҢА КӨПІР ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ КӨКТЕМ ТАЯҒАН САЙЫН ЖАҢА КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҮЛКЕН ҮМІТ-ПЕН ҚАРАП ОТЫР. ӨЙТКЕНІ, ЕКІ ЖЫЛДАН БЕРІ КӨКТЕМДЕ АУДАНЫНЫ «КҮРЕ ТАМЫРЫ» ҮЗІЛІП ҚАЛҒАНДАЙ БОЛДЫ. БҮГІНГІ ӨТІП ЖҮРГЕН УАҚЫТША КӨПІРДІҢ НӨПІР СУ КЕЛСЕ, ШЫДАС БЕРУІ ЕКІТАЛАЙ. БӨРІМІЗДЕ ҚАР ЕРИ БАСТАҒАНЫНАН-АҚ, КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ КӨЗ ТІКТІК!



Сондықтан, көптің көкейіндегі сауалға жауап беру үшін аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жәлеловтен сұрадық. - Қазіргі таңда Ойыл ауылына кіреберіс автомобиль жолындағы көпірдің қадаларын құю жұмыстары толық аяқталды. 8 тіректің 8-де тұрғызылды. Көпірдің жүріс бөлігіне уақытша қозғалысты қамтамасыз ету үшін плиталар төселіп жатыр. Арқалықтарды қою жұмыстары басталды. Барлығы 56 арқалық объект басына жеткізілді, оның 40-ы орнына қойылды. Көпірдің үстінен уақытша көлік қозғалысын қамтамасыз ету жуық арада жүзеге асырылады. Ал құрылыс жұмыстарын толық аяқтау 2026 жылдың маусым айына жоспарланып отыр. «Қырық жылда қазан жаңа, елу жылда ел жаңа» деген осы. Бұйыртыса, біздің аудан үшін «Ғасыр құрылысына» баланатын көпірдің үстінен өтетін күн де қашық емес. Рас, көктемгі судың беті қайтқаннан кейін көпір құрылысы толық аяқталғанша жаз ортасына дейін уақытша көпірден өте тұруға тура келеді. «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады», - дегендей, боларына сеніміміз мол!

Сондықтан, көптің көкейіндегі сауалға жауап беру үшін аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жәлеловтен сұрадық. - Қазіргі таңда Ойыл ауылына кіреберіс автомобиль жолындағы көпірдің қадаларын құю жұмыстары толық аяқталды. 8 тіректің 8-де тұрғызылды. Көпірдің жүріс бөлігіне уақытша қозғалысты қамтамасыз ету үшін плиталар төселіп жатыр. Арқалықтарды қою жұмыстары басталды. Барлығы 56 арқалық объект басына жеткізілді, оның 40-ы орнына қойылды. Көпірдің үстінен уақытша көлік қозғалысын қамтамасыз ету жуық арада жүзеге асырылады. Ал құрылыс жұмыстарын толық аяқтау 2026 жылдың маусым айына жоспарланып отыр. «Қырық жылда қазан жаңа, елу жылда ел жаңа» деген осы. Бұйыртыса, біздің аудан үшін «Ғасыр құрылысына» баланатын көпірдің үстінен өтетін күн де қашық емес. Рас, көктемгі судың беті қайтқаннан кейін көпір құрылысы толық аяқталғанша жаз ортасына дейін уақытша көпірден өте тұруға тура келеді. «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады», - дегендей, боларына сеніміміз мол!

Сондықтан, көптің көкейіндегі сауалға жауап беру үшін аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жәлеловтен сұрадық. - Қазіргі таңда Ойыл ауылына кіреберіс автомобиль жолындағы көпірдің қадаларын құю жұмыстары толық аяқталды. 8 тіректің 8-де тұрғызылды. Көпірдің жүріс бөлігіне уақытша қозғалысты қамтамасыз ету үшін плиталар төселіп жатыр. Арқалықтарды қою жұмыстары басталды. Барлығы 56 арқалық объект басына жеткізілді, оның 40-ы орнына қойылды. Көпірдің үстінен уақытша көлік қозғалысын қамтамасыз ету жуық арада жүзеге асырылады. Ал құрылыс жұмыстарын толық аяқтау 2026 жылдың маусым айына жоспарланып отыр. «Қырық жылда қазан жаңа, елу жылда ел жаңа» деген осы. Бұйыртыса, біздің аудан үшін «Ғасыр құрылысына» баланатын көпірдің үстінен өтетін күн де қашық емес. Рас, көктемгі судың беті қайтқаннан кейін көпір құрылысы толық аяқталғанша жаз ортасына дейін уақытша көпірден өте тұруға тура келеді. «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады», - дегендей, боларына сеніміміз мол!

Сондықтан, көптің көкейіндегі сауалға жауап беру үшін аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жәлеловтен сұрадық. - Қазіргі таңда Ойыл ауылына кіреберіс автомобиль жолындағы көпірдің қадаларын құю жұмыстары толық аяқталды. 8 тіректің 8-де тұрғызылды. Көпірдің жүріс бөлігіне уақытша қозғалысты қамтамасыз ету үшін плиталар төселіп жатыр. Арқалықтарды қою жұмыстары басталды. Барлығы 56 арқалық объект басына жеткізілді, оның 40-ы орнына қойылды. Көпірдің үстінен уақытша көлік қозғалысын қамтамасыз ету жуық арада жүзеге асырылады. Ал құрылыс жұмыстарын толық аяқтау 2026 жылдың маусым айына жоспарланып отыр. «Қырық жылда қазан жаңа, елу жылда ел жаңа» деген осы. Бұйыртыса, біздің аудан үшін «Ғасыр құрылысына» баланатын көпірдің үстінен өтетін күн де қашық емес. Рас, көктемгі судың беті қайтқаннан кейін көпір құрылысы толық аяқталғанша жаз ортасына дейін уақытша көпірден өте тұруға тура келеді. «Сабыр етсең – ісің оңға асады, шүкір қылсаң – жамандық та қашады», - дегендей, боларына сеніміміз мол!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селосы.

## АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аналар, сүйкімді өпке-қарындастар, аяулы арулар! Сіздерді жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің алғашқы қарлығашындай болып келетін мерекенің біздер үшін орны ерекше. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні Сіздерге – аналарымыз бен апа қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. «Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған» - дейді халқымыз. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айрықша күшке ие. Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да Әйел-аналар қауымы! Әйел жанының жылдығы мен сұлулығы, мейірімділігі мен кеңдігі әлемге рух беріп келеді. Біздің ата-бабаларымыз әйел жаратылысының маңыздылығын «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп бір ауыз сөзбен жеткізген. Нәзік жандардың аялы алақаны, нұрлы жүзі, жан шуағы әрбір отбасын ғана емес, бүкіл ғаламды ортақ адамзаттық биік мақсаттарға ұмтылдырып, бейбіт те, берекелі ғұмыр кешуге үндеп келеді. Қазіргі таңда ауданымыздағы түрлі салада қажырлы еңбек етіп, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген, мемлекетіміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуы мен өркендеуінде, билік пен бизнесте парасаты мен пайымын, біліктілігін, танымы мен талғамын аямай еңбектеніп жүрген әйел қауымы аз емес. Татулық пен бірліктің іргесі бекем болуы біздің жаны нәзік, тіні берік жандар – Аналардың, Арулардың арқасы. Өркениетті даму жолына түскен мемлекетіміздің бүкіл тыныс-тіршілігінің басы – қасында болып, бірлік пен тұрақтылықтың сақталуына, ел әлеуетін көтеруге қызмет етіп келесіздер. Сіздердің ауданымыздың өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан өлшеусіз ерен еңбектеріңізге зор ықыласпен ризашылығымызды білдіреміз. Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп жүргендеріңіз үшін әйел-аналарымызға алғысымыз шексіз. Көктем - гүлімен, отбасы - Ана нұрымен көркем. Көркем көктеммен келген мерекеді Сіздерге Сіздерге ізгілік тілеймін! Өрдайым ақпейіл де, қамқор, адал да, үлгілі қалыптарыңыздан талмай жүре беріңіздер. Отбасыларыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық, еліміздің кемел келешегі үшін елдігімізді нығайтудағы қажырлы еңбектеріңізге толағай табыс, шуақты күндеріңіздің көп болуын тілеймін!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі  
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

## АСЫҚ ОЙНАП «ОЗҒАНДАР»

Кеңес Одағы тұсында шыққан «Доп ойнаған тозар, Асық ойнаған азар, Бәрінен де қой бағы, Құйрық жеген озар» деген тұрақты сөз тіркесі болды. Бұл жерде қазақты ұлттық ойындарынан алыстату мақсатында айтылған сияқты. Бірақ, қазір доп ойнағандар да, асық ойнағандар да алға озып кетті. Әрине, бұл жерде қой баққандар қалып қойды деген ой жоқ. Алайда, ұлттық ойынды ұлықтаған жастар жоғарыдағы тұрақты сөз тіркесін теріске шығарып жүр. Жуырда Ж. Жүсіпалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұстазы Нұрлыжан Амангелдіұлының шәкірттері 2010-2012 жылы туған оқушылар арасында асық атудан командалық есепте Ақтебе облысы чемпион атанып, Ойыл ауданының абыройын асқақатып, республикалық кезеңге жолдама алды. Бұл – ұлттық спортты ұлықтаудың төл дәстүрімізді дәріптеудің айқын көрінісі. Асық ату – бабалардан мұра болған асыл мұрамыз. Жас буынның осы спорт түріне қызығушылық танытып, биік белестерді бағындыруы – ұстаз еңбегінің нәтижесі. Ойыл аудандық білім бөлімі атынан ұлттық спортты дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген Нұрлыжан Амангелдіұлын және шәкірттерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз. Республикалық додада да Ақтебе облысының мерейін үстем етіп, жеңіс тұғырынан көріне беріңіздер!



### РЕФЕРЕНДУМ

#### «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНДІ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді. Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз. Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз. Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

#### «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзіңіз болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің не-

гізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі. Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді. Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ХАЛЫҚҚА КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛІП ЖАТЫР



«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Ойыл аудандық коалициясы мүшелері Сарбие ауылындағы Сапақкөл орта мектебінде ұстаздар қауымымен кездесу өткізді. Кездесудің басты мақсаты – жаңа Конституция жобасының мазмұнын педагогикалық ортаға жан-жақты түсіндіру және пікір алмасу болды. Жиын барысында жаңа Ата заңның саяси және құқықтық маңызы, заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін кеңейту мәселелері айтылды. Сонымен қатар, білім беру саласына қатысты нормаларға ерекше назар аударылып, сапалы білім алуға

келіпдік беру, мұғалім мәртебесін қорғау, ғылым мен инновацияны дамыту бағыттары түсіндірілді. Ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі де өзекті екені белгілі. Осы тұрғыда жаңа Конституцияда неке мен отбасы институтының мемлекет қорғауында болатыны, рухани-адамгершілік негіздерді нығайту қағидаттары айқындалатыны айтылды. Кездесу ашық диалог форматында өтті. Педагогтар өз ойларын ортаға салып, сауалдарын қойды. Коалиция мүшелері нақты жауап беріп, алдағы республикалық референдумның ел болашағы үшін маңызды кезең екенін атап өтті.

**ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҒЫ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ**

**Құрметті сайлаушылар!**

Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес 2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдумда аудан сайлаушыларының дауыс беруі таңертеңгі сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан референдум учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

К/с	Референдум учаскесінің нөмірі	Референдум учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№568	Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09
6	№394	Қаракемер ауылы, Достық көшесі 3, «Қаракемер ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
7	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
8	№396	Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, «Құмжарған ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
9	№397	Қаратал ауылы, Ж. Жүсімалиев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
10	№398	Қарасу ауылы, А. Жұбанов көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-28
11	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
12	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
13	№401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
14	№569	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-44
15	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
16	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
17	№405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
18	№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-6-01
19	№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
20	№408	Кемер ауылы, Көктал көшесі 15, «Ө. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-01
21	№409	Шиқұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, «Шиқұдық ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
22	№410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
23	№411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
24	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
25	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

**АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!**

**ӨРТ СӨНДІРУШІ-ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАЙТЫН ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАЛҒЫЗ АКАДЕМИЯҒА ОҚУҒА ТҮСКІҢІЗ КЕЛСЕ ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАП ТҮСЕ АЛАСЫЗ.**

Академияға Қазақстан Республикасының азаматтары – ер балалар мен қыз балалар қабылданады. Үміткерлердің орта білімі болуы, он алты жасқа толуы және денсаулығы бойынша әскери қызметке әрі оқуға жарамды болуы міндетті. Бұл талаптар болашақ курсанттардың сапалы білім алып, кәсіби даярлықтан толық өтуіне негіз болады. Қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Үміткерлердің Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) қорытындылары ескеріледі, жинауы керек шекті бал 50 балл. Сонымен қатар медициналық, дене шынықтыру және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу жүргізіледі.

ҰБТ тапсыру үшін міндетті пәндер қатарына математикалық сауаттылық, оқу сау-

аттылығы және Қазақстан тарихы кіреді. Ал бейінді пәндер ретінде математика мен физика белгіленген.

**Академия бакалавриаттың 4 білім беру бағдарламасы бойынша дайындықты жүзеге асырады:**

6В12302 - Өрт қауіпсіздігі  
6В12303 - Төтенше жағдайларда қорғау  
6В12304 - Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық-тактикалық күші  
6В12191 - Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі

Академияда оқу республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Курсанттар оқу кезеңінде тегін киім-кешекпен, тамақпен және мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ каникул уақытындағы жол ақысы төленеді. Оқу мерзімі – 4 жыл.

Тұрғын үй мәселесіне келсек, ер балалар 1-3 курс аралығында Академия жатақханасында тұрады, ал 4-курста өз есебінен жатақханадан тыс жерде Көкшетау қаласында тұрады. Қыз балалар барлық оқу кезеңінде өз есебінен жатақханадан тыс жерде Көкшетау қаласында тұрады. Академияда білім алу уақыты әскери қызметті өтеу мерзіміне теңестіріледі.

Қорытындылай келе, Академия – Азаматтық қорғау саласында кәсіби білім алып, елге адал қызмет етуді мақсат еткен жастар үшін үлкен мүмкіндік. Қатаң іріктеу талаптары сапалы маман даярлауға бағытталған.

Болашағын Отан қорғау ісімен байланыстырғысы келетін талапкерлер үшін бұл – жауапты, әрі мәртебелі таңдау.

**ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТИЛЕРІНДЕГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛГАЛАРДЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫН 2026 ЖЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ**

Аудан көлеміндегі трактор өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол құрлыс машиналарымен трактор тіркемелерінің, астық жинайтын комбайндарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу екі кезеңде, «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі – портал) арқылы жүргізіледі.

1-кезең. Тракторлар, мелиорациялық, жол құрылыс машиналарын жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

2-кезең. Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары мен комбайндардың түрлерін, трактор тіркемелерін жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

№ р/с	Ауылдық округтер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы	1-кезең Өтетін күні	2-кезең Өтетін күні
1	Ш.Берсиев атындағы а/о	14 - 16.04	08 - 09.06
2	Көптоғай а/о	19 - 21.04	10 - 11.06
3	Қараой а/о	22 - 23.04	15 - 16.06
4	Сарбие а/о	27 - 29.04	17 - 18.06
5	Ойыл а/о	04 - 06.05	22 - 23.06
6	Саралжын а/о	11 - 13.05	24 - 25.06
7	Қайыңды а/о	14 - 15.05	29 - 30.06
8	Аграрлық колледж	18.05	
9	Ойыл орман шаруашылығы	19.05	
10	Ойыл электр жүйесі бөлімшесі	20.05	
11	«Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	21.05	

**Ескерту:** Ауылшаруашылығы машиналарына, тракторларға, астық жинайтын комбайндар мен трактор тіркемелеріне мемлекеттік техникалық байқау тұрған елді мекендерде өткізіледі.

**ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ**

**СТАЛКИНГ ДЕГЕН НЕ?**

**2025 ЖЫЛҒЫ 16 ШІЛДЕДЕ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТИЛЕРІНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ОҢТАЙЛАҒАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»**

Қазақстан Республикасының №210-VIII ҚРЗ Заңы қабылданып, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңа «Сталкинг» деп аталатын 115-1-бабы қосылды. Сталкинг - бұл бір адамның келісімінсіз жүйелі түрде аңду, мазалау, бақылау немесе байланыс орнатуға тырысу арқылы психологиялық қысым көрсету.

Көбіне жәбірленуші өзін қорқынышта, қауіпте сезінеді. **Сталкингтің негізгі түрлері бар, олар:**

- 1) дәстүрлі (офлайн) сталкинг;
  - 2) киберсталкинг (онлайн аңду);
  - 3) бұрынғы серіктес тарапынан сталкинг;
  - 4) құдалау арқылы қорқыту (агрессивті түрі).
- Дәстүрлі (офлайн) сталкинг түріне - үйінің, жұмысының маңында аңду, күтпеген жерден жиі «кездейсоқ» кездесу, сыйлықтар, хаттар жіберу, таныстары арқылы ақпарат жинау сияқты әрекеттерді жатқызса, киберсталкинг - ол әлеуметтік желілерде (Whats App, Telegram, Instagram) үздіксіз жазу, жалған аккаунттар ашу, онлайн қорқыту, бопсалау, жеке ақпаратты тарату деуге болады. Бұрынғы серіктесі тарапынан сталкинг деп қарым-қатынас аяқталғаннан кейін мазалау, қайта қосылуға мәжбүрлеу,

қызғаныш негізінде бақылау саналады. Құдалау арқылы қорқыту (агрессивті түрі) - ол қорқыту хабарламалары, зиян келтіремі деп сес көрсету, мүлікке зиян келтіру әрекеттерді тануға болады. Осындай әрекеттер орын алған жағдайда, оны дәлелдеу қиынға соқпас үшін барлық хабарламалар мен қоңырауларды (дәлелдерді) сақтап, әлеуметтік желілерді бұзатпап, полиция бөліміне арыздану қажет. Жоғарыда аталғандай, Қылмыстық кодексте сталкинг, яғни адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз құдалау әрекеттері үшін - екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамқар алуға жазалары қарастырылған.

Сондықтан үлкен қауіпке айналмас үшін оның алдын алу қажет, сталкинг деген өзін емес, бұл қылмыс. **ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ САУЛЕ ТАНИМОВА**

**БЖЗҚ-ДАН ТӨЛЕМДЕРДІ УАҚЫТЫНДА**

**РӘСІМДЕМЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ БОЛАДЫ?**

Зейнеткерлік жасқа жеткен кезде зейнетақы төлемдерін уақытында рәсімдеу маңызды. Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) бөлімшесіне зейнет жасына 10 күн қалғанда жүгінуге болады. Төлемдер зейнет жасына жеткен күннен бастап тағайындалады. Сонымен қатар, БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация жыл сайын зейнетақы алушылардың деректеріне салыстырып тексеру жүргі-

зеді. Егер зейнеткерге мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындалған болса, БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін салымшының жеке өтінішінен автоматты түрде тағайындай алады. Бұл жағдайда төлемдер зейнетақыны рәсімдеу кезінде көрсетілген банк шотына аударылады. Зейнетақы төлемдерін кешіктірмей, әрі толық көлемде алу үшін уақытында рәсімдеуге кенес береміз.

**МҮГЕДЕКТІК БОЙЫНША НЕМЕСЕ ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ?**



I немесе II топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар тұлғалар БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін келесі тәсілдермен рәсімдей алады:

- БЖЗҚ бөлімшесіне жүгінуге арқылы
- enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы
- БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы

Сондай-ақ, алушылар үшін көшпелі қызмет көрсету қарастырылған.

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен төлемдер:

- 50 жастан бастап тағайындалады
- онлайн рәсімдеуге болады
- төлемдердің кестесін салымшы өз бетінше белгілейді

БЖЗҚ қызметтерді тегін көрсетеді. Төлемдерді рәсімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүзеге асырылады. Қызметтерді тек БЖЗҚ-ның ресми арналары арқылы пайдаланыңыз.

**ҚҰТЫРМА - ҚАУІПТІ АУРУ!**

Құтырма - мал мен адамның орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылуымен сипатталатын жұқпалы вирустық ауру. Аталған ауруға үй және жабайы және сүт қоректілердің барлығы бейім. Құтырма адамдармен хайуандарда кездесетін ортақ, өте жұқпалы, аса қауіпті ауру. Табиғатта құтыру ауруы адамның араласуынсыз қасқыр, қарсақ, түлкі, т.б. жыртқыш сүт қоректілердің арасында өрбесе, елді мекендер де ит және мысықтардың ауруды таратудағы маңызы зор. Жабайы түлкі қарсақтардың кебеуіне байланысты құтырма ауруының таралуында елді мекендерде малдардың арасында көрініс беруде. Сондықтан аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде. Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде. Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде. Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде.

дәрігерге барып қаралу керек. Дәрігер жарақатты таңып, қажетті дәруменді егеді. Содан соң емханаға тіркеуге алынасыз. Құтырмаға қарсы еkle курсы тағайындалады. Бірінші дәрі ит қапқан күні, одан соң үш күн өткеннен кейін егіледі. Сосын үшіншісі бір апта уақыттан соң салынады. Сол аралықта сізді қапқан итті мамандар тексеріп, құтырған - құтырмағанын анықтайды. Егерде ондай аурудың нышаны байқалмаса, дәрі егу тоқтатылады. Ал егер ит ауру болса, 3 ай бойына дәрігердің қарауында боласыз. Құтырма ауру иттердің сілекейі арқылы тарайды. Құтырма ірі қара малы мекендерде малдардың арасында көрініс беруде. Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде. Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін, әсіресе мал ауылдағы арасында көрініс беруде.

**Е.МЕКЕЕВ, ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының вет-сан инспекторы.**



«СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР!»



Өткен аптада «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары Т.Тілеуов биллинг жүйені енгізу арқылы суармалы егіншілікті цифрландыру, ашық есеп жүргізу, бақылауды күшейту және су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша Саралжын, Ш. Берсиев және Көптоғай ауылдық округтерінің ауыл шаруашылығы өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында биллинг жүйенің артықшылықтары, оның су пайдалану көлемін нақты есепке алу, су шығынын азайту, тұтынушылар үшін ашықтық пен

әділдікті қамтамасыз етуге тигізетін оң әсері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, суармалы егіншілікті цифрландырудың тиімді тетіктері, жаңа технологияларды енгізудің маңызы және суды үнемдеу бағытындағы заманауи әдістер сөз болды. Шаруашылық өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды. Кездесу қорытындысы бойынша алдағы уақытта цифрлық жүйені кезең-кезеңімен енгізу, тәжірибелік жұмыстар жүргізу және түсіндірме жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру жөнінде келісімге қол жеткізілді.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАРЛЫҚ САЛАҒА ҚАЖЕТ!

Жуырда Ш. Берсиев атындағы орта мектеп базасында «Дене шынықтыру пәнінің жаңартылған білім берудегі рөлі» тақырыбында аудандық семинар өтті. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында дене шынықтыру пәнінің маңызын арттыру, оқушылардың денсаулығын нығайтуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу және педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуын ұйымдастыруды мақсат тұтқан семинардың барысында дене шынықтыру сабағында қолданылатын заманауи педагогикалық технологиялар, белсенді оқыту

әдістері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары кеңінен талқыланды. Сонымен қатар бағалаудың жаңа формалары, қауіпсіздік талаптарын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері сөз болды. Семинар аясында ашық сабақтар көрсетіліп, практикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, тәжірибе бөлісті. Семинар жоғары деңгейде өтіп, ұстаздардың кәсіби шеберлігін арттыруға және білім сапасын жетілдіруге өз үлесін қосты.



АЙТУЛЫ МЕРЕКЕГЕ АТСАЛЫСТЫ



Алғыс айту күні – ел бірлігін, өзара құрмет пен жанашырлықты айшықтайтын тағылымды мереке. Осы атаулы күнге орай Ойыл ауылдық округі ұжымы бір отбасыға азық-түлік көмегін көрсетіп, әлеуметтік қолдаудың нақты үлгісін танытты.

Округ әкімдігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ауыл тұрғындарына ынтымақ пен түсіністік танытып, әрдайым бірлікті сақтап келе жатқандары үшін шынайы ризашылықтарын білдірді. Береке-бірлігі бекем елде игі істер үлгісін танытты.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ДЕМЕУІ - 8 ОТБАСЫНА ЖОЛДАНЫ



Қасиетті Рамазан айының шапағатты күндерінде, қасиетті жұмада Ойыл аудандық ауруханасының медицина қызметкерлері "Жақсылық жасап жарысайық!" атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акция аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін 8 отбасына азық-түлік пен тұр-

мыстық қажеттіліктерден құралған әлеуметтік пакеттер табысталды. Рамазан – мейірім мен қайырымдылықтың, жанашырлық пен ізгіліктің айы. Осындай игі бастамалар арқылы медицина қызметкерлері тек денсаулық сақтауда ғана емес, қоғамға жанашырлық танытуда да үлгі көрсетіп келеді.

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ!

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРИНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. БУЛЛИНГ – БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ҚҰБЫЛЫС. СОНДЫҚТАН ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ АТА-АНА, МҰҒАЛІМ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ. БУЛЛИНГ – БІР АДАМҒА НЕМЕСЕ БІРНЕШЕ АДАМНЫҢ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚАЙТАЛАНАТЫН ҚЫСЫМ КӨРСЕТУІ, МАЗАҚТАУЫ НЕМЕСЕ ЗОРЛЫҚ ЖАСАУЫ. ОНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ – ӨРЕКЕТТІҢ ҮНЕМІ ҚАЙТАЛАНУЫ ЖӘНЕ ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ӨЗІН ҚОРҒАНСЫЗ СЕЗІНУІ.



Көп жағдайда буллингті «балалардың арасындағы жай-күй» деп қабылдау кездеседі. Алайда бұл – үлкен қателік. Әзіл екі жаққа да жағымды болса ғана, әзіл болып саналады. Ал егер біреу өзін төмен сезінсе, бұл – буллингің белгісі. Буллингің бірнеше түрі бар. Физикалық буллинг – ұру, итеру, заттарын тартып алу немесе сындыру сияқты әрекеттерді қамтиды. Психологиялық буллинге мазақтау, қорқыту, келеке ету, сыртқы келбетіне немесе мінезіне тіл тигізу жатады. Әлеуметтік буллинг – баланы топтан әдейі шеттеті, сөйлестірмеу, оқшаулау. Ал кибербуллинг – әлеуметтік желі арқылы балағаттау, қорлайтын жазбалар тарату, жалған ақпарат жариялау. Оның қауіптілігі – тәулік бойы жалғасуы және баланың жеке кеңістігіне дейін енуі. Буллинге ұшыраған бала өзіне деген сенімділігін жоғалтып, тұйықталып кетуі мүмкін. Сабаққа қызығушылығы төмендеп, мазасыздық, қорқыныш, күйзеліс белгілері байқалады. Кей жағдайда бұл оның болашақ өміріне де кері әсерін тигізеді. Сондықтан буллингіңді елемей – баланың тағдырына неміқрайлы қараумен тең. Буллинг жағдайында үш негізгі рөл болады: жәбірленуші, бул-

лер және бақылаушы. Бақылаушының рөлі өте маңызды. Үнсіз қалған бақылаушы - буллингің жалғасуына себепкер болуы мүмкін. Ал қолдау көрсететін бақылаушы - жағдайды өзгерте алады. Буллингің алдын алу үшін балаларды өз шекарасын қорғай білуге, жайсыз жағдайда «жоқ» деп айтуға және қажет кезде ересектерден көмек сұрауға үйрету маңызды. Ата-аналар баласының көңіл күйіне назар аударып, сенімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Мұғалімдер сыныпта қауіпсіз атмосфера қалыптастырып, буллинг белгілерін ерте анықтауға көңіл бөлгені жөн. Егер бала буллинге тап болса, ең бастысы – үнсіз қалмау. Бұл туралы ата-анаға, мұғалімге, психологқа немесе мектеп әкімшілігіне айту қажет. Буллинг – әлсіздіктің емес, көмек сұраудың белгісі. Әрбір бала өзін қауіпсіз сезінетін ортада өмір сүруге және білім алуға құқылы. Буллингің алдын алу – эмпатиядан басталып, мейірімділік пен жауапкершілікке негізделеді. Бүгінгі белсенді және мейірімді әрекет - ертең бір баланың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік. Ал, баланы топтан әдейі шеттеті, сөйлестірмеу, оқшаулау - Әлеуметтік буллингің белгісі.

Әлеуметтік желіде балағаттау, қорлайтын жазбалар тарату, жалған ақпарат жариялау - кибербуллинг. Кибербуллингің қауіптілігі – оның тәулік бойы жалғасуы және баланың жеке кеңістігіне дейін енуі. Сондықтан, буллинге ұшыраған бала ең бірінші өзіне деген сенімділігін жоғалтады, тұйықталып, жалғыз қалғысы келеді. Сондай-ақ, сабаққа қызығушылығы төмендейді. Баланың бойында мазасыздық, қорқыныш, күйзеліс пайда болады. Кейбір жағдайларда бұл баланың болашақ өміріне де кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан буллингіңді елемей - баланың тағдырына неміқрайлы қарау. Буллинге кімдер қатысады? Жәбірленуші - қысымға ұшыраған бала; -Буллер - қысым көрсетуші (көмекші) -Бақылаушы – жағдайды көріп тұрып, әрекет етпейтін адам. Бақылаушының рөлі өте маңызды. Үнсіз қалған бақылаушы буллингің жалғасуына себепкер болуы мүмкін. Ал қолдау көрсететін бақылаушы жағдайды өзгерте алады. Сондықтан, балалар өз «шекарасын» қорғай білуі тиіс. Жайсыз сезім туса, «жоқ» деп айтуды үйренуі керек. Қажет кезінде ересектерден көмек сұраудан қорықпай, сынып

жетекшісіне, мұғалімге, психологқа сенім артуға дағдылану қажет. Ал, ата-аналар бала мектепке барарда және келгенде көңіл күйіне назар аударып, мектеп өміріне белсенді араласып, баласымен сенімді қарым-қатынас орнатып, баланың шағымы мен ренішін мұқият тыңдауы тиіс. Сондай-ақ, жанжал мен буллингің айырмашылығын ескеруі керек! Мұғалім болса, сыныпта сенімді, қауіпсіз атмосфера қалыптастырып, буллинг белгілерін ерте анықтап, барлық оқушыға эмпатиямен қолдау көрсете білуі керек! Егер буллинге тап болсаңыз, нені жасау керек? Ең бастысы - үнсіз қалмау. Буллинг туралы сенімді адам - ата анаға, мұғалімге, психологқа немесе мектеп әкімшілігіне айту қажет. Буллинг- әлсіздіктің емес, көмек сұраудың белгісі. Әрбір бала өзін қауіпсіз сезінетін ортада өмір сүруге және білім алуға құқылы. Буллингіңді алдын-алу эмпатиядан, мейірімділік пен жауапкершіліктен басталады. Бүгін белсенді әрекет етсек, ертең бір баланың өмірін сақтап қалуымыз мүмкін. Ира ЕРЖАНОВА, Ө. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің педагог-психологы.

ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ БІЛІМГЕ ЖАҢА БАҒЫТ ҰСЫНДЫ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҒЫ ҰЙЫМЫ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ЖАСТАР КЕҢЕСІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН «ЖАС МАМАН – ЖАҢА ЛЕП» ТАҚЫРЫБЫНДА ЖАС ҰСТАЗДАР ФОРУМЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Форумның негізгі мақсаты – жас мамандарға жан-жақты қолдау көрсету, заманауи білім беру үдерісінде тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бағытындағы озық тәжірибелерді насихаттау болды. Жиынға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Ғазизұлы, ішкі саясат, мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзат Жеткергенқызы, сондай-ақ аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Гүлмира Избағамбетова қатысып, жас ұстаздарға жылы лебіздерін білдірді. Олар өз сөздерінде білім сапасын арттыру жолында жас педагогтардың рөлі айрықша екенін атап өтіп, шығар-

машылық ізденіс пен кәсіби дамудың маңыздылығына тоқталды. Форумға қатысушы жастар авторлық жобаларын таныстырып, білім беру үдерісінде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесін көрсетті. Сонымен қатар тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, еркін форматта пікір алмасты. Бұл алаң жас ұстаздардың өзара тәжірибе бөлісіп, жаңа идеялар қалыптастыруына мүмкіндік берді. Шара аясында озық тәжірибесімен кезге түскен бірқатар жас педагог аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы мен білім бөлімінің Алғыс хаттарымен және сыйлықтарымен марапатталды. Тағылымды басқосу соңы Кәсіподақ гимнімен қорытындыланып, ұйымшылдық пен бірліктің айқын көрінісіне айналды.

Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің кіші қызметкері Бибігүл Сисеноваға әкесі Қойшыбайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.